

**Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және Су ресурстары министрінің 2013 жылғы 18 қарашадағы № 349-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 30 желтоқсанда № 9048 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 21 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 22.01.2020 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабының 3-тармағына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Б.О. Азбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

---

2013 жылғы 29 қараша

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары**  
**1. Ұйымның бас директоры**

Лауазымдық міндеттері. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында қызмет атқаратын ұйым және филиалдары қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Ұйым және филиалдар мүлкінің сақталуын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Ұйымның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және өзара іс-қимылын ұйымдастырады. Ұйымның банкті қоса алғанда, мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы және сақтандыру қорлары, жеткізушілер, тапсырыс берушілер және кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындауын, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарын (келісімшарттарын), индикативтік жоспарлар мен бизнес-жоспарларды орындауын қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы техникалар мен озық технологияларды, еңбекті басқарудың және ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын пайдалану негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады. Ұйымды және филиалдарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту бойынша шаралар қабылдайды. Ұйымның (филиалдың) қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді шешеді. Ұйымның және филиалдардың штаттық кестесін, қаржылық жоспарын, жылдық есебін және жылдық бухгалтерлік теңгерімін бекітеді. Қызметкерлерге уақтылы және толық көлемде еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді. Ұйымның және филиалдардың ұйымдастыру-басқарушылық құрылымын, жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіреді. Ұйымның және филиалдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Сотта, арбитражда, мемлекеттік органдарда ұйымның (филиалдың) мүліктік мүдделерін қорғайды. Ұйым және филиалдар қызметкерлерінің қосымша кәсіби білім алуын (біліктілік арттыру, кәсіби қайта даярлау) ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Ұйым және филиалдар қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым және филиалдар қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі қағидаларын

орындауын қамтамасыз етеді. Конференцияларға, семинарларға, көрмелерге қатысады. Өндірістік жарақат алуды және кәсіптік ауруларды болдырмау бойынша алдын алу шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Мыналарды: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйым құрылымының бейіні, мамандануы мен ерекшеліктерін; есеп және қаржылық талдау негіздері, ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, стратегиялық жоспарлау; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (экология және табиғат пайдалану, биологиялық, экономиялық, заңгер). Ұйымдағы басшылық лауазым бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл.

Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **2. Ұйымның бас директорының орынбасары**

Лауазымдық міндеттер. Ұйым басшылығының жалпы басқармасы бойынша өзге бөлімшелер басшыларымен өзара әрекеттесу арқылы өз міндеттерін атқарады. Директор орынбасары өз құзыреті шеңберіндегі қызметін атқару кезінде шарттар бекітеді, жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер, операциялар

жасайды, жануарлар дүниесін, табиғи кешендерді және өзге де табиғи-қорық қорын қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша барлық техникалық пен өндірістік-шаруашылық іс-шаралар өткізу жөнінде ұйымның барлық қызметкерлеріне міндетті нұсқау береді. Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің келешектік және ағымдық жоспарларын құруға қатысуды ұйымдастырады, өндірістік қызметтің ұзақ мерзімдік стратегиясын анықтайды, техникалық құралдардың, әкімшілік ғимараттардың, шаруашылық құрылыстардың, кордондардың және өзге де құрылыстардың күйіне бақылау жасайды, бюджеттік бағдарламаның жоспарына сәйкес жөндеу және құрылыс жұмыстарын ұйымдастырады. Ұйым басшының тапсырмасы бойынша төтенше жағдайлардың туындау себептерінің, аумақ тәртібі мен оның қорғау аймағын қолдану тәртібінің бұзылуы бойынша, қызметкерлер тарапынан қызметтік бұзылыстардың зерттелуін ұйымдастыруды жүргізеді, инспекторлық аралаудың жоспарлы тексерістерін жүргізеді, жергілікті тұрғын арасында табиғат қорғау заңнамасының бұзылуын алдын алу бойынша жергілікті тұрғындар арасында түсіндіру-алдын алу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді. Жануарлар дүниесін есепке алу және мониторингі бойынша іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді. Өз құзыреті шегінде ұйым атынан әрекет етеді, оның мүддесін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді, сенімхат арқылы шаруашылық операцияларды жасап, шарттар бекіте алады. Жүктелген міндеттер шеңберінде жануарлар дүниесінің, олардың мекендеу ортасының, көбею жағдайларының, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарының, биологиялық әртүрлілігінің сақталуын, таралымдарын қалпына келтірілуін, жануарлар дүниесі объектілерінің өндірілуін, өсімдіктер дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сақталуын қамтамасыз етеді және табиғат қорғау саласында құқық бұзушылықтың алдын алу, ескерту және күресу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтамасыз етеді. Жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру және қайта жерсіндіру бойынша жұмысты ұйымдастырады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Өзіне берілген құқық шеңберінде барлық мәселелерді шешеді және өзге лауазымдық адамдарға: ұйымның функционалдық және өндірістік бөлімшелер басшыларына қызметтің кейбір өндірістік-шаруашылық функцияларын атқаруды тапсырады. Ұйым басшысының тапсырмасы бойынша заңнамамен бекітілген тәртіпте ұйымның мүліктік және өзге мүдделерін сотта, арбитражда, мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда қорғайды және білдіреді. Еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің бастамалары мен белсенділіктерін дамытуға ықпал етеді.

Білуге міндеттілер. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйым құрылымының бейіні, мамандануы мен ерекшеліктері; есеп және қаржылық талдау негіздері, ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, стратегиялық жоспарлау; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы жетекші мекемелердегі жұмыс тәжірибесі, әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (басымдылыққа ие болатындар: аңшылықтану және аң өсіруші, орман шаруашылығы экологиясы және табиғат пайдалану, биологиялық, экономикалық). Ұйымдағы басшылық лауазым бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл және/немесе жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

### **3. Филиал директоры**

Лауазымдық міндеттер. Филиал туралы ережеге сәйкес бөлектенген бөлімше қызметін басқарады. Филиалдың жұмысын ұйымдастырады және оның күйі мен қызметі, филиал мүлкінің сақталуы, сметалық-қаржылық, шарттық және еңбек

тәртібінің сақталуы және еңбек тәртібі мен істерді шаруашылық жүргізуін қамтамасыз етеді, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жұмыстардың орындалуын ұйымдастырады. Өндірістік-шаруашылық қызметті бекітеді. Филиалдың барлық өндірістік-шаруашылық қызметі үшін, соның ішінде жануарлар дүниесін, олардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын, биологиялық әртүрлілігін сақтау, таралымдарын қалпына келтіру мен жануарлар дүниесі объектілерін өндіру бойынша толық жауаптылықта болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте филиалдың банктік шоттарын ашады. Филиал қызметкерлерінің біліктіліктерін жоғарлату бойынша жағдай жасайды. Жануарлар дүниесін қорғау мен өсімін молайтуды жетілдіру мақсатында қазіргі заманғы техника мен технологияларды, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті түрлерін кең қолдану, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтері, жетекші тәжірибені (отандық және шетелдік) зерттеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады. Жануарлар дүниесін есепке алу және мониторингі бойынша іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді. Жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру және қайта жерсіндіру бойынша жұмысты ұйымдастырады. Табиғат қорғаудың қызмет етуі, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту мен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу үшін құқықтық құралдарды қолдануда, филиал қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын атқаруда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Мыналарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйым құрылымының бейіні, мамандануы мен

ерекшеліктерін; есеп және қаржылық талдау негіздері, ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, стратегиялық жоспарлау; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық). Ұйымдағы басшылық лауазым бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл және/немесе жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

#### **4. Филиал директорының орынбасары**

Лауазымдық міндеттер. Филиал қызметіне қатысты жұмыстың барлық түрлері бойынша өндірістік тапсырмалардың орындалуын басқаруды және бақылауды жүзеге асырады. Филиал бойынша өндірістік-шаруашылық іс-шаралар жоспарларын, соның ішінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін әзірлейді және жүзеге асырады. Өндірістік-шаруашылық іс-шаралар жоспарларын, қауіпсіздік техникасы, еңбек жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар орындауда басқарады және бақылайды. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзуды болдырмау мен жою, теориялық және практикалық білімді жоғарлату бойынша филиал мамандарының жұмыстарын ұйымдастырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарды, ережелер мен өзге директивті нұсқаулықтарды сақтауы мен орындауына бақылау жасайды. Жануарлар дүниесін қорғау, есепке алу және мониторингі бойынша іс-шаралар өткізеді. Филиалдың инспекторлық қызметі қызметкерлерінің техникалық білімдерін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыруды басқарады. Өрт қауіпсіздігі кезеңіне дайындық, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша іс-шаралар әзірлейді, есептеме нысандарын жүргізеді. Ұйым басшысының тапсырмасы бойынша жануарлар дүниесін, олардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын

, биологиялық әртүрлілігін сақтауға, тұрақты пайдалануға, таралымдарын қалпына келтіру мен жануарлар дүниесі объектілерін өндіруге қатысты мәселелер бойынша сот пен өзге құқық қорғау органдарында өкіл болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды.

Білуге міндетті. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйым құрылымының бейіні, мамандануы мен ерекшеліктерін; есеп және қаржылық талдау негіздері, ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, стратегиялық жоспарлау; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық). Ұйымдағы басшылық лауазым бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл және/немесе жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілетпен дағдылар болуы керек.



## **5. Құрылымдық бөлімшенің (басқарманың, бөлімнің, қызметтің) басшысы**

Лауазымдық міндеттер. Бөлімше туралы ережеге сәйкес құрылымдық бөлімше қызметін басқарады. Бөлімше құзыретіне кіретін жұмыс мәселелері бойынша жетекші отандық және шетелдік тәжірибені зерттейді және жалпылайды. Ұйым мен бөлімше жұмысының келешектік жоспарларын дайындауға қатысады. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзуды ескерту мен болдырмау және теориялық пен практикалық білімді арттыру бойынша құрылымдық бөлімшелер мамандарының жұмысын ұйымдастырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарды, ережелер мен өзге директивті нұсқаулықтарды сақтауы мен орындауына бақылау жасайды. Қызметкерлерінің біліктіліктерін жоғарлату бойынша жағдай жасайды. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауап береді. Қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді және бағынышты қызметкерлердің еңбек тәртіптерінің күйіне бақылау жасайды. Ұйым басшылығына құрылымдық бөлімше жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіру туралы, мамандарды іріктеу, орналастыру мен орын ауыстыру бойынша, штатты мамандармен жасақтау, оның кейбір қызметкерлерін көтермелеу немесе жаза қолдану туралы ұсыныс енгізеді. Өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру бойынша, жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыру, ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізу, жаңа техника мен технологияларды сынау бойынша шаралар дайындауға қатысады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимін, экологиялық стандарттар мен нормативтерді сақтауды қамтамасыз етеді, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзуды ескерту мен болдырмау бойынша шаралар қабылдайды. Жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру және қайта жерсіндіру, сонымен бірге жануарлар дүниесін есепке алу мен мониторингі бойынша жұмысты ұйымдастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды.

Мыналарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "

Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның өндірістік-шаруашылық, қаржылық-экономикалық қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер; ұйым құрылымының мамандануы мен ерекшеліктері; ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; өндіріс технологиясы, салық заңнамасы, ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; еңбек туралы заңнаманың негіздері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық). Ұйымдағы тиісті бейіні бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **6. Құрылымдық бөлімше (басқарманың, бөлімнің, қызметтің,) басшысының орынбасары**

Лауазымдық міндеттер. Бөлімше туралы ережеге сәйкес бөлімше басшысының жалпы басқаруымен өз міндеттерін атқарады. Басшы орынбасары өз құзыреті шеңберіндегі қызметін атқару кезінде бөлімше қызметкерлеріне жануарлар дүниесін, табиғи кешендер мен табиғи-қорық қорын қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша өндірістік-шаруашылық іс-шаралар жүргізу жөнінде нұсқау береді. Құрылымдық бөлімшенің келешектік және ағымдық жоспарларын құруға қатысуды ұйымдастырады, өндірістік қызметтің ұзақ мерзімдік стратегиясын анықтайды, техникалық құралдардың, әкімшілік ғимараттардың, шаруашылық құрылыстардың, кордондардың және өзге де құрылыстардың күйіне бақылау жасайды, бюджеттік бағдарламаның жоспарына сәйкес жөндеу және құрылыс жұмыстарын ұйымдастырады. Бөлімше құзыретіне

кіретін жұмыс мәселелері бойынша жетекші отандық және шетелдік тәжірибені зерттейді және жалпылайды. Ұйым мен бөлімше жұмысының келешектік жоспарларын дайындауға қатысады. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзуды ескерту мен болдырмау және теориялық пен практикалық білімді арттыру бойынша құрылымдық бөлімшелер мамандарының жұмысын ұйымдастырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарды, ережелер мен өзге директивті нұсқаулықтарды сақтауы мен орындауына бақылау жасайды. Қызметкерлерінің біліктіліктерін жоғарлату бойынша жағдай жасайды. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауап береді. Қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді және бағынышты қызметкерлердің еңбек тәртіптерінің күйіне бақылау жасайды. Ұйым басшылығына құрылымдық бөлімше жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіру туралы, мамандарды іріктеу, орналастыру мен орын ауыстыру бойынша, штатты мамандармен жасақтау, оның кейбір қызметкерлерін көтермелеу немесе жаза қолдану туралы ұсыныс енгізеді. Өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру бойынша, жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыру, ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізу, жаңа техника мен технологияларды сынау бойынша шаралар дайындауға қатысады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимін, экологиялық стандарттар мен нормативтерді сақтауды қамтамасыз етеді, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзуды ескерту мен болдырмау бойынша шаралар қабылдайды. Жануарлар дүниесін есепке алу мен мониторингі бойынша іс-шаралар жүргізеді. Құрылымдық бөлімшенің инспекторлық қызметі қызметкерлерінің техникалық білімдерін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырады. Өрт қауіпсіздігі кезеңіне дайындық бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану іс-шараларын әзірлейді, есептеме нысандарын жүргізеді. Ұйым немесе құрылымдық бөлімше басшысының тапсырмасы бойынша жануарлар дүниесін, олардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын, биологиялық әртүрлілігін сақтауға, таралымдарын қалпына келтіру мен жануарлар дүниесі объектілерін өндіруге қатысты мәселелер бойынша сот пен өзге құқық қорғау органдарында өкіл болады.

Мыналарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "

Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның өндірістік-шаруашылық, қаржылық-экономикалық қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер; ұйым құрылымының мамандануы мен ерекшеліктері; салық заңнамасы, ұйымның өндірістік күштері мен мамандар ресурстары; ұйымның шаруашылығын жүргізу мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері; республиканың және шетелдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері және жетекші отандық пен шетелдік тәжірибе; орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы механизация құралдары мен оларды техникалық пайдалану ережелері; әкімшілік және қылмыстық заңнамалар негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; еңбек туралы заңнаманың негіздері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық). Ұйымдағы тиісті бейіні бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда табиғат пайдалану жөніндегі маман**

Лауазымдық міндеттер. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда табиғат ресурстарын пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастырады, ұйым қызметкерлерінің теориялық пен практикалық білімдерін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізеді, тұрғындар мен туристер арасында Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи ресурстарын пайдалану жағы бойынша түсіндіру жұмысын атқарады. Табиғат пайдалану бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, табиғат пайдалану бойынша құжаттарды уақытылы рәсімдейді, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманың сақталуына

бақылау жасайды. Ұйым бөлімшесінің табиғат пайдалану бойынша қызметіне әдістемелік басшылық атқарады. Табиғат пайдалану бойынша басшылық тапсырмасын орындау жөніндегі ұйымның бөлімше жұмысын жедел басқарады. Бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету мен қорғауға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды.

Білуге міндетті:Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер; табиғат пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы өртке қарсы алдын алу талаптары мен өрт қауіпсіздігі ережелері, табиғат пайдалану мәселелері бойынша есептілік мерзімдері мен түрлері, табиғат пайдаланудың қолданыстағы заңнамаларға сәйкес болуын бақылау ережелері мен тәсілдері, қорғалатын табиғи аумақтардың шекаралары, ландшафтық және экологиялық жағдайлары мен ерекшеліктері; еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнамалар негіздері, қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Біліктілігі жоғары деңгейлі маман: Жоғары санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде төрт жыл; екінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; санатсыз: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, орман шаруашылығы, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Біліктілігі орта деңгейлі маман: Жоғары санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және

табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде төрт жыл; екінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық, географиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы рекреация мен туризм жөніндегі маман**

Лауазымдық міндеттер. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша экскурсия ұйымдастырады, ұйым жұмысы туралы кітапшалар, буклеттер, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік жағдайын маңыздандыратын өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға дайындайды, ғылыми қызметкерлермен, туристермен және білім беру мекемелерімен және қоғаммен тығыз байланыста болады. Тұрғындарды экологиялық ағарту бойынша жұмыс жүргізеді. Экскурсиялық қызметпен тікелей айналысады, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтар бойынша туристік бағыттарды әзірлеуге қатысады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жергілікті табиғат пен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды.

Мыналарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер;

туризм бойынша заңнамалық, нормативтік құжаттар, өрт қауіпсіздігі ережелері, табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін белгіленген тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершіліктің нормалары, техникалық құжаттарды рәсімдеу ережелері, еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнамалар негіздері, қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Біліктілігі жоғары деңгейлі маман: Жоғары санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде төрт жыл; екінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; санатсыз: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Біліктілігі орта деңгейлі маман: Жоғары санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде төрт жыл; екінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) ((экология және табиғат пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **9. Аңшылықтанушы (аға аңшылықтанушы)**

Лауазымдық міндеттер. Аңшылық шаруашылығындағы аңшылық жануарлар ресурстарын, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және тиімді пайдалану

бойынша басшылық атқарады. Биотехникалық және аңшылық шаруашылығы іс-шараларын жүргізуді, браконьерлермен күресуді қамтамасыз етеді. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар жануарлар түрлерін қорғау мен есепке алуды жүргізу бойынша жұмысын үйлестіреді. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторларға жүктелген міндеттерін атқаруда әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Еңбек тәртібін, еңбекті қорғау және өндірістік тазалық ережелерін сақтауы қамтамасыз етеді. Ведомстволық қызметтік қару мен олардың оқ-дәрілерінің сақталуы мен қолданысын қамтамасыз етеді. Арнайы құралдардың бөлінісін қамтамасыз етеді. Инспекторлар ұжымында тәрбиелік жұмыс атқарады. Өзіне бекітілген жерде табиғи кешендерді, әсіресе жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асырады. Тұрғындарды экологиялық ағарту бойынша жұмыс атқарады. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын болдырмау мақсатында жер үсті және әуе көліктерін қолдану арқылы аумақты күзетуді ұйымдастырады. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықты тоқтатады және болдырмайды, сонымен бірге Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу деректері бойынша уәкілетті және құқық қорғау органдарына, сотқа ақпарат, талап-арыздар мен өзге де материалдар жібереді. Ұйым мен тараптық ұйым қызметкерлеріне ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ жануарлар санын есепке алу мен мониторинг жүргізуде ықпал етеді. Нұсқаулыққа сәйкес фенологиялық қадағалау жасайды. Өндірістік іс-шаралар орындау бойынша есептер мен өзге де құжаттар жасайды. Жоспарланған жұмыстарды, сонымен бірге атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы есептерді қарауға және бекітуге береді. Жануарларды аулауды және жануарлар дүниесі объектілерін көшіруді ұйымдастырады. Биотехникалық және өсімді молайту іс-шараларын жүзеге асырады. Жұмысты қауіпсіз жүргізу, өзге адамдардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық пен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын сақтауын, қызметте пайдалану үшін оған сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді. Кәсіпші аңшылар, әуесқойлар аңшылармен жергілікті тұрғындар арасында табиғи байлыққа деген ұқыпты қатынас, оларды дұрыс және тиімді пайдалану мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты мәселелер мен оқиғаларды жариялайды, журналистер үшін пресс-релиздерді тұрақты дайындайды.



Мыналарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сонымен бірге ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер; жануарларды, табиғи кешендер мен объектілерді қорғау бойынша әдістемелік материалдар; ұстап алу, алып қою хаттамаларын толтыру тәртібі, құқық бұзушылық пен өзге іс-шаралардың алдын алу; жануарлар ауруларының туындауын алдын алу; жануарларды қорғау бойынша жұмыстардың технологиясы мен механизация құралдары; табиғат қорғау жұмыстарының жетекші отандық және шетелдік тәжірибесі; еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнамалар негіздері, рейдтік іс-шаралар жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын. Аңшылық шаруашылығын жүргізу бойынша қаулылар, бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар мен өзге материалдар; аңшылықтану, жануарлар дүниесінің биологиясы мен экологиясы, құс шаруашығы, аңшылық ит шаруашылығы, аңшылық шаруашылығының экономикасы және аңшылық кәсіп пен спорттық аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру, аңшылық аңдар мен құстарды аулау техникасы мен есепке алу әдістемесі; аңшылық шаруашылығын жүргізу бойынша жетекші отандық және шетелдік кәсіпорындарының тәжірибесін білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық). Ұйымдағы тиісті бейіні бойынша қызметтегі жұмыс өтілі кем дегенде екі жыл және/немесе жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны қорғау саласында кем дегенде бір жылдық жұмыс өтілінің болуы. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек.

## **10. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспектор (аға инспектор)**

Лауазымдық міндеттер. Өзіне бекітілген жерде табиғи кешендерді, әсіресе жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асырады. Жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен пайдалануды қамтамасыз етеді. Биотехникалық және есепке алу жұмыстарын, сонымен бірге табиғи кешендер мен жануарлар дүниесін қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған өзге де іс-шараларды жүргізеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды оның күзету режимін есепке ала отырып күзету мен қорғауды қамтамасыз етеді. Тұрғындарды экологиялық ағарту бойынша жұмыс атқарады. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын болдырмау мақсатында жер үсті және әуе көліктерін қолдану арқылы аумақты күзетеді. Жеке және заңды тұлғалардың аң аулау және (немесе) балық аулау құқығы бойынша құжаттарын тексереді, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырады, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауды және оларды құқық қорғау органдарына жеткізуді қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралдарын, өзге объектілер мен жерлерді, ал қажет болған кезде ұсталған адамдарды жеке тексереді, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу арқылы қолданған атыс қаруларын, аң және балық аулау бойынша заңсыз алынған өнімдерін, аулаудың тыйым салынған құрал түрлерін алып қоюды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте олардың әрі қарайғы иелік ету туралы мәселесін шешеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жүрген адамдардың келу құқығы бойынша рұқсаттарын тексереді, қорғау аймағының аумағында тұрған жеке және заңды тұлғалардың объектілеріне бару, Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда сотқа талап-арыз береді, Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірген залал көлемін анықтайды және осының негізінде кінәлі адамдарға ерікті түрде залалды өтеу туралы шағым жасайды немесе сотқа арыз береді, жануарлар дүниесін қорғау бойынша инспекторлардың актілерін толтырады және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи

аумақтар мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы бұзылғаны анықталған жағдайда шара қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдарға материалдарды жібереді, ерекше қорғалатын табиғи аумақта, оның қорғалатын аймағында Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзған адамдарды ұстайды және оларды құқық қорғау органдарына жеткізеді, ерекше қорғалатын табиғи аумақта, оның қорғалатын аймағында көлік және жүзу құралдарын тоқтатады, оларды тексереді. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықты тоқтатады және болдырмайды, сонымен бірге Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу деректері бойынша уәкілетті және құқық қорғау органдарына, сотқа ақпарат, талап-арыздар мен өзге де материалдар жібереді. Эпидемия мен індет-аурулардың алдын алу мақсатында жыртықшы жануарлар санын реттеуді жүзеге асырады. Өртке қарсы және өзге де іс-шараларды жүргізуге қатысады. Аншлағтардың, шекара бағаналарының, белгілердің, көпірлердің, сүрлеу жолдардың өрт-бақылау пунктері мен постарының, байланыс желілерінің сақталуын бақылайды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бұзылыстардың алдын алу бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Ұйым мен тараптық ұйым қызметкерлеріне ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ жануарлар санын есепке алу мен мониторинг жүргізуде ықпал жасайды. Нұсқаулыққа сәйкес фенологиялық қадағалау жасайды. өндірістік іс-шаралар орындау бойынша есептер мен өзге де құжаттар жасайды. Жоспарланған жұмыстарды, атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы есептерді қарауға және бекітуге береді. Жұмысты қауіпсіз жүргізу, өзге адамдардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық ережелері мен нормаларын сақтауын, қызметте пайдалану үшін оған сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті:Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының мынадай: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сонымен бірге ерекше қорғалатын табиғи

аумақтар саласындағы жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдастыру-басқару құжаттары мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін ҚР заңнамалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер; жануарларды, табиғи кешендер мен объектілерді қорғау бойынша әдістемелік материалдар; ұстап алу хаттамаларын толтыру тәртібі, еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнамалар негіздері, рейдтік іс-шаралар жүргізу кезінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жануарлар дүниесін қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдарда азаматтық қызметке өту үшін денсаулық күйінің жарамды болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажет міндетті білім, қабілет пен дағдылар болуы керек. Біліктілігі жоғары деңгейлі маман: Жоғары санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде төрт жыл; екінші санатты: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; санатсыз: жоғары (немесе жоғарғы оқудан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғат пайдалану, биологиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Біліктілігі орта деңгейлі маман: Жоғары санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл; бірінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде үш жыл; екінші санатты: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, биологиялық) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кем дегенде екі жыл; санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнайы, орта кәсіби) (аңшылықтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, биологиялық) жұмыс өтіліне талап қойылмайды.